

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АҚПАРАТТЫ ТҮСІНІП ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жумадилова М.Н., ф.ғ.к., доцент

m.zhumadilova@mail.ru

Карыбаева С.Е., ф.ғ.к., доцент

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

saj.e.k@mail.ru

Аннотация. Мақалада тілді үйрету саласындағы игеруге тиіс құзыреттіліктердің бірі болып табылатын оқылымның ақпараттық және академиялық дағдыларын қалыптастырудың жаттығулар жүйесі қарастырылып отыр. Мақала авторлары университет студентінің заманауи ақпараттың үлкен ағынын оқып, олардан өзінің әрі қарай өсуі мен кәсіби дамуы үшін материалдар таба білу қабілеттерін дамытатын түрлі тәжірибелер ұсынады. Зерттеудің мақсаты студенттерге оқылымды тілді меңгеру, қарым-қатынас жасау, ақпаратпен ой алмасу құралы ретінде пайдаланудың әралуан әдістерін игеруге бағыт беру. Университетіміздің тілді оқыту процесінде оқылымның барлық осы түрлері тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылатындығы мақалада негізге алынған.

Кілт сөздер: Сөйлеу әрекеті, оқылым, коммуникативті әрекет, ақпаратты алу қабілеті, мәтін, оқылымның түрлері, тілдік құрал, жаттығулар

Қазіргі кезде тілді оқыту үрдісі білімді меңгеруге ғана емес, шынайы қарым-қатынаста қолдана алу қабілетін дамытуға бағытталған. Тілдің бұл тәжірибесі коммуникативтік құзыреттілік болып табылады. Коммуникативтік құзыреттілік негізінде екінші деңгейлі тілдік тұлға, яғни мәдениетаралық деңгейде екінші тілде қарым-қатынас жасауға қабілетті болмақ. Бұл студенттің өзінің ана тілі мен оқытылатын тілдің арасындағы айырмашылықты тек лексикалық-грамматикалық жүйеде ғана емес, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдениет жағынан да сезініп, қарым-қатынас кезінде құрметпен қарайтынын білдіреді.

Сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінің бірі – оқылым. Бұл жазбаша мәтінді қабылдау мен түсінуге бағытталған сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлерінің бірі. Яғни адамдардың жазбаша қарым-қатынас формасын қамтамасыз ететін коммуникативтік әрекеті. Тілді оқыту мақсаттарының ішіндегі ең маңыздысы - оқылатын тілді әртүрлі іс-әрекеттерде белсенді пайдалануға мүмкіндік беретін оқылым процесінде графикалық бекітілген мәтіннен ақпаратты алу қабілетін қалыптастыру болып табылады [4]. Тілдерді оқыту саласындағы ғалымдардың көпшілігі оқылымды кәсіби құзыреттіліктердің бірі болып табылатын ақпараттық және академиялық дағдыларды қалыптастырудың жүйесін құраушы деп санайды. Өйткені университет студенті заманауи ақпараттың үлкен ағынын оқып, олардан өзінің әрі қарай өсуі мен кәсіби дамуы үшін материалдар таба білу керек. Бір жағынан, оқылым – мәтінді түсінуге бағытталған күрделі

когнитивтік процесс. Екінші жағынан, бұл тілді меңгеру, қарым-қатынас жасау, ақпарат пен ой алмасу құралы [6]. Оқылымның түрлі сипаттамаларға байланысты әралуан классификациялары бар. Университеттің оқу процесінде оқылымның барлық осы түрлері негізгі тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылады.

Оқылым – қабылдау (перцептивтік) мен есте сақтаудың (мнемоникалық) күрделі және психологиялық әрекеті. Осы қызмет сипаттамаларының әрбір элементін жеке қарастыруға болады.

Перцептивтік – (латын тілінен *perceptio* – қабылдау) психологиялық қабылдау, объективті шындықты сезім мүшелері арқылы тікелей бейнелеу [5]. Ойлаудың тұтас кешенін білдіреді. Бұл объектінің тұтастай ашылуы, жеке белгілерінің ажыратылуы, ондағы әрекеттің мақсатына сәйкес келетін ақпараттық мазмұнды бөлу, сезімдік бейнені қалыптастыру. Қабылдау - ойлау, есте сақтау, зейінімен байланысты және практикалық әрекет пен қарым-қатынас процесіне кіреді. Келесі сипаттама – мнемоникалық (*mnem* – грекше есте сақтау, қабылдау) алдында қарастырған екеуімен тығыз байланысты. Жады қолданатын ұйымдастыру әдістері екінші ретті болып табылады және олар бастапқыда психологиялық әрекеттер мен операциялар ретінде пайда болады. Олар қайталау процесінде бекітіліп, ішкі тәжірибені ұйымдастыру және түрлендіру үшін мнемоникалық әрекеттерге айналады. Сарапшылар төрт негізгі мнемоникалық әрекетті бөліп қарайды: материалды бағдарлау, топтастыру, материал элементтері арасында топ ішілік қатынастарды орнату және топ аралық қатынастарды орнату. Бұл әрекеттер ақпаратты біріктіруге және сақтауға көмектеседі. Олар оны көбейту үшін қажет. Вербалды-логикалық жады ойлармен жұмыс істейді де, олардың дәйекті және логикалық берілуіне жауап береді.

Ғалымдар оқылымды сөйлеу әрекетінің басқа түрлерімен тығыз байланысты деп есептейді. Тындалым кезінде тілді үйренушілер дыбысталған сөзді, ал оқылымда жазбаны қабылдайды. Әрине, айтарлықтай айырмашылықтары – мәтіннен ақпаратты қабылдаудың әртүрлі арналары (көрнекі немесе есту). Бірақ сөйлеу процесі біркелкі аналитикалық және синтетикалық сипатқа ие [6]. Дегенмен мәтінді түсіну процесіне ондағы ақпаратты ұйымдастырудың әсері зор. Мәтіннің мағыналық процесінің мәнін ашатын бірқатар зерттеулер бар. Яғни адам мәтіндегі сөздің 21 бірлігін қабылдап, оның ең көп дегенде 9 сөзін дыбыс түрінде қайталай алады [2]. Түсінудің тиімділігіне мәтіннің мағыналық құрылымы ерекше әсер етеді. Әсіресе ақпарат тармақталған түрінде емес, тізбектелген құрылымда болса, мәтіндерді қабылдау тиімділігі жоғары болады.

Оқылым мен айтылымның байланысы психология, психолінгвистика және әдістеме деректеріне негізделіп отыр. Екеуін өзара байланыстыра оқыту аталмыш дағдыларды қатар қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге сөйлеу әрекетінің осы түрлерінің әрқайсысын пайдалану, тілді үйретудің ең негізгі құралы болып табылады. Мәтін мазмұнын түсіну қабілетін дамыту барысында әр түрлі коммуникативті міндеттер қойылады: мазмұнды толық

түсіну, мәтіннен негізгі ақпаратты алу, мәтіннен қажетті ақпаратты табу, т.б. Студенттерге әртүрлі жанрдағы мәтіндерді көрсетіп, олардан ақпарат алу үшін оқылымның бірнеше түрлерін үйрету қажет. Студенттердің алдына қойған мақсатына қарай оқылымның ізденіп оқу, таңдау, шолу және зерттеп оқу түрлерін ұсынуға болады.

Ізденіп оқудың мақсаты – мәтіндегі белгілі бір ақпаратты немесе деректерді (сандық көрсеткіштер, фактілер және т.б.) жылдам табу. Мәтінді оқудың бұл түрінің тағы бір атауы «диагоналды» деп аталады. Бұл әдіс студентке қажетті ақпаратты бүкіл мәтінде егжей-тегжейлі зерттеуге уақыт кетірмей тез табуға мүмкіндік береді. Ізденіп оқу мамандық бойынша әдебиеттерді оқуға бағытталған. Мұндай мәтіндердің типтік құрылымы қажетті ақпаратты іздеуде оның белгілі бір бөліктеріне сілтеме жасауға мүмкіндік береді. Тілді үйрету әдістемесінде ізденіп оқу оқылымның басқа түрлеріне көмекші ретінде қолданылады.

Оқылымның таңдап оқу әдісі материал туралы жалпы түсінік алуға бағытталған. Мұндай оқудың мақсаты – мәтінде ұсынылған тақырыптар мен мәселелер ауқымы туралы жалпы түсінік алу. Яғни негізгі ақпаратпен және кейбір детальдермен танысу үшін мәтінді блоктарға қарастырып оқу. Бұл жағдайда мәтін де өте тез және әлдеқайда мұқият зерттеледі. Мақсат нақты фактіні табу емес, мәтіннің негізгі идеясын, сұлбасын бойына сіңіру. Тілді үйретудегі оқылымның бұл түрі бойынша бірінші және соңғы абзацтар мұқият оқылып, ортасына еркін шолу жасалады. Сонымен қатар, әртүрлі субтитрлерге, курсивпен жазылған сөздер мен сөз тіркестеріне, иллюстрацияларға арналған жазуларға назар аудару керек, өйткені олар әдетте оқиғаның негізгі ойларын көрсетеді. Бұл әдіс әдетте жаңа мәтінді бірінші рет оқығанда, онда қажетті ақпараттың бар-жоғын анықтау үшін қолданылады. Мәтіннің семантикалық сегменттерінің саны оқылымның зерттеп немесе шолып оқу түрлеріне қарағанда әлдеқайда аз. Дегенмен бұл ақпарат блоктары ең маңызды және ауқымды. Таңдап оқу жазбаша аударманы орындамас бұрын мәтіннің материалымен алдын ала танысу үшін ұсынылады [3]. Бұл студенттерге мәтін тақырыбын түсінуге, дұрыс арнайы сөздікті таңдауға көмектеседі. Мұндай оқылым әдісін рефераттар жазу үшін үлкен көлемдегі әдебиеттермен жұмыс істеу кезінде қолдануға болады.

Шолып оқудың мақсаты тақырыбы айтып тұрғандай - материалдан жалпы ақпаратты алу, негізгі мәселелер мен олардың мәтінде қалай шешілгенін білу, негізгі және қосымша фактілерді айқындау. Оқылымның бұл түрінде бейтаныс сөздің мағынасы ақпаратты қабылдауды айтарлықтай қиындатқанда ғана сөздікке жүгіну керек. Студенттер оқулықтағы көлемді мәтіндерді, көркем әдебиетті осы әдіспен оқуына болады. Барлық фразалар мен абзацтар толығымен және қатарынан оқылады. Әдетте, мұндай оқу кезінде студенттер, егер олардың мағынасы контекстен түсінікті болса, таныс емес сөздерді іздеуге уақыт кетірмейді. Мәтіндегі ақпаратты ойда өңдеу, яғни тілдік құралдарды талдау өздігінен болып жатады да, басты назар ақпаратты қабылдауға бағытталады. Шолып оқу жалпы мағынаны түсінуге ғана емес, сонымен қатар

оқу процесінен ләззат алуға септігін тигізеді. Нәтижесінде студенттер оқыған материалы туралы өз пікірлерін қалыптастырады, мәтінді мазмұндай алады, сұрақтарға жауап береді.

Зерттеп оқу әдісі студентке мүмкіндігінше мәтіндегі барлық ақпаратты толық, дәл түсінуге және оны ұғынуға ықпал етеді. Әдетте оқылымның бұл түрі қысқа мәтіндерді зерттеуде қолданылады. Бұл процесс сөз тіркестерін және олардың құрылысын, яғни грамматиканы егжей-тегжейлі талдауды, сондай-ақ сөздер мен құрылымдарды есте сақтауды көздейді. Зерттеп оқудың мақсаты да ақпарат алу болып табылады. Студенттер қажет болған жағдайда мәтіннің кейбір бөліктерін қайталап оқып, қиындық тудыратын тұстарында мәселені өз бетімен шеше білуі керек. Мазмұнды жақсы есте сақтау және мәтіндік ақпаратты кейін қайталау, талқылау және пайдалану үшін «регрессиялардың» саны көп болғаны абзал. Оқылымның бұл түрі өздік жұмыс кезінде жиі қолданылады.

Оқылым түрлеріне үйрету әдістемесі үш негізгі кезеңді қамтиды: мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі. Қазіргі әдістемеде тағы бір термин қолданылады – мәтінге жуық.

Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігінде (тілдерді оқытудың теориясы мен практикасы) мәтін алды және мәтінге жуық кезеңдер процесіне қатысты жаттығулар түрін білдіреді. Бірақ олардың мақсаты әртүрлі. Мәтінге жуық кезеңдегі жаттығулар оқылымға деген коммуникативті қатынасты қалыптастырады. Олар студенттің мәтіннен ақпаратты алуына бағытталған. Мәтін алды кезеңнің жаттығулары оқылымның психологиялық механизмдерін қалыптастырып, жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдардың мағыналарын түсінікті етеді [4].

Мәтінге дейінгі кезеңде бір маңызды ережені сақтау қажет: барлық алдын ала орындалатын жұмыстар мәтіннің мазмұнын ашпауы керек. Әйтпесе мәтін студенттерге қызықсыз болып, оны оқуға деген ынтасын төмендетуі мүмкін. Мәтінмен жұмыс істеудің бірінші кезеңінде студенттердің болжау қабілетін дамытып, алдағы оқылымға қызығушылығын оятқан жөн. Ол үшін студенттерге: оқылым алдында мәтіннің тақырыбына қарап оның жанрын анықтаңыз, ол не немесе кім жайлы болуы мүмкін деген тапсырмалар беруге болады.

Нақтырақ айтсақ, мәтінге дейінгі жаттығулардың тапсырмаларын келесідей құрастыруға болады:

1. Оқыңыз:

- тақырыбында және мәтінде не (кім) туралы айтылуы мүмкін;
- абзацтардың бірінші сөйлемдерін және мәтінде қарастырылатын мәселелерді атаңыз;
- мәтіннің соңғы абзацын және осы қорытындының алдында қандай мазмұн болуы мүмкін екенін айтыңыз.

2. Жаңа сөздермен және сөз тіркестерімен танысыңыз (сөздер мен сөз тіркестері аудармамен бірге беріледі):

- Мәтінді оқымай, не туралы болуы мүмкін екенін айтыңыз.

Мәтінмен тікелей жұмыс жасағанда студенттер әрбір таныс емес сөз бойынша сөздікке жүгінбей, түпнұсқа мәтінді түсіне алуы керек. Ол үшін мәтінмен жұмыс істеудің бірнеше негізгі ережелерін орындаңыз:

- шет тіліндегі мәтінді оқу, әрбір сөзді аудару керек дегенді білдірмейді;
- осы мәтінде не талқыланатынын түсіну үшін тақырыптарға, суреттерге, диаграммаларға, кестелерге және осы тектес басқа ақпараттарға назар аудару керек;
- мәтінді оқығанда, ең алдымен, білетініне (сөздер, өрнектер) сүйену керек және мәтіннің мазмұнын түсінуге, бейтаныс сөздердің мағынасын болжауға тырысқан жөн.

Мәтінмен жұмыс жасағанда ұсынуға болатын жаттығулар.

Мәтінді оқу:

- оны мағыналық бөліктерге бөлу, бөліктердің әрқайсысына атау беру;
- әр бөліктен бір тірек сөйлемді табу;
- әңгіменің негізгі тақырыптарын анықтау;
- мәтіннің сөйлемдерін логикалық ретпен орналастырыңыз;
- мәтіннің негізгі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;
- берілген тұжырымдардың қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келеді;
- мәтінге сұрақтар тізімін жасау;
- оның негізгі идеясын бірнеше сөйлеммен жеткізу, т.б.

Мәтіннен кейінгі жаттығулар – мәтінді оқу процесін бақылау болып табылады. Мәтіннен кейінгі жаттығулар түсініп оқуға, сұрақтар мен тапсырмаларға сәйкес ақпаратты семантикалық өңдеуге бағытталған. Бұл жаттығулар студенттердің алынған ақпарат негізінде өз ойын ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетін дамытады. Сондықтан шешілетін тапсырмаға байланысты мәтіннен кейінгі жаттығуларды репродуктивті, репродуктивті-продуктивті және продуктивті деп бөлуге болады.

Репродуктивті жаттығулар студенттерге тірек сөздер, тірек сөйлемдер, мәтіннің қысқартылған немесе жеңілдетілген нұсқасы негізінде оның материалын игеруге көмектеседі. Мұнда студенттерге мәтінді мағыналық жағынан:

бөлшектеу; әр бөлікке жоспар құру, жоспардың әрбір тармағына тірек сөйлемдер жазу; мәтінді қысқарту немесе жеңілдету және т.б. деп қарастыруға болады

Репродуктивті-продуктивті жаттығулар мәтін мазмұнында қарастырылған мәселелерді қайталау және түсіндіру; олар туралы өз пікірін білдіру (оның ішінде мәтіндегі дәлелдерге сүйене отырып); мәтіндегі ақпаратты оның маңыздылығы бойынша бағалау; студенттің мәтіннен не үйренгенін хабарлау және т.б. қабілеттерін дамытады.

Ал продуктивті жаттығулар студенттерге шынайы қарым-қатынасты имитациялайтын жағдайларда (рөлдік ойын) және табиғи қарым-қатынас жағдайында, студент өзінің көзқарасын немесе негіздемесін білдірген кезде алынған ақпаратты пайдалануға мүмкіндік беретін өнімді дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Автордың немесе кейіпкерлердің позициясы; мәтінде көтерілген

мәселе бойынша талқылауға қатысады; мәтінге пікір жаза алады; әңгіменің жалғасын ойлап табу және т.б.

Мәтіннен кейінгі жаттығуларға арналған арнайы тапсырмалар келесі параметрлерді қамтуы мүмкін.

Мәтіндік материалды пайдалану:

- ұсынылған нұсқаларды қолданып сөйлемдерді толықтыру
- сұрақтарға жауап беру
- мәтіннің тақырыбын түсіндіретін сөйлемдерді дауыстап оқу
- мәтін авторының мәселе бойынша пікірін білдіретін сөйлемдерді

дауыстап оқу;

- берілген бірнеше нұсқалардың ішінен дұрыс жауаптарды таңдау;
- мәтіннен алынған келесі ережелерге түсініктеме беру;
- жоспарды және жазбаша сөз тіркестерін пайдалана отырып, мәтінді

қайталау;

- мәтіндегі ... деген тұжырымды түсіндір;
- оқығандарына өз көзқарасын білдіру;
- мәтіннің сізге қызықты көрінген бөлігіне түсініктеме беріңіз;
- мәтінді оқып, мәтіндегі келесі тұжырымдармен келіспейтіндігіңізді

(келіспегеніңізді) білдіріңіз;

- оқылған мәтіннің жоспарын құру;
- Мәтінді өз ана тіліңізде қайталаңыз.

Оқылым дайын сөйлеу материалын қабылдауға бағытталған. Сондықтан оны сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлері деп атайды. Оқылым сонымен қатар талдау, синтез, жалпылау, қорытынды жасау және болжауды қамтитын күрделі көп өлшемді процесс. Жаттығулардың бірізді жүйесі студенттердің оқылым дағдыларын дамытуға және сөйлеуде алынған ақпаратты пайдалануға көмектеседі.

Қорыта айтқанда мәтіндердің түрлеріне қарамастан, оқылымды сөйлеу әрекетінің дербес түрі ретінде үйретудің мақсаты – мәтіннен белгілі бір сөйлеу тапсырмасын шешуге қажетті көлемде ақпаратты алу мүмкіндігі. Бұл дағды оқылымның белгілі бір түрлері мен технологиясын меңгеруді көздейді. Оқылым басқа сөйлеу дағдыларымен тығыз байланысты және оларды дамытудың ең жақсы құралы екенін есте ұстаған жөн.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. - М.: Просвещение, 1991.

2. Зиновьева Л.Ю. Анализ проблемы освоения иноязычной лексики применительно к образовательному процессу технического вуза. - 2014.

3. Орлова Л.Г., Корнилова Е.С. Перевод научно-технической литературы - необходимый аспект обучения иностранному языку в техническом вузе // Вестник ВГАВТ. - № 41. - Н. Новгород. -2014. - С. 160-163.

4. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / сост. Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин. - М.: Издательство ИКАР, 2009. [Электронный ресурс]. –

5. Словарь-справочник по педагогической психологии [Электронный ресурс].

6. Электронный Вики-справочник.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ВЕБ-САЙТТАРДЫҢ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫ

Келдібай А.Т.

«Baiterek school» жеке мектебі

Ainura_1996.kz@mail.ru

Аннотация. Мақала орта мектепте ағылшын тілін оқытуда білім беру интернет-ресурстарын пайдалануына арналады. Білім беру интернет-ресурстардың ұғымы мен мәні зерттеліп, оларды таңдау кезінде мұғалімдер қандай критерийлерді ұстану, интернет-ресурстар арқылы шет тілін қолданудың қандай ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі қаралады. Сонымен қатар, оқытудың қазіргі кезеңінде шет тілін оқыту үшін қолдануға болатын интернет-ресурстардың түрлері сипатталған.

Кілт сөздер: онлайн интернет, интернет-ресурстар, білім, ағылшын тілі, онлайн оқыту.

Аннотация. Статья посвящена использованию образовательных интернет-ресурсов для преподавания английского языка в средней школе. В этой статье изучались понятия и суть образовательных интернет-ресурсов, каким критериям должны следовать учителя при выборе интернет-ресурсов, какие особенности использования иностранного языка с помощью интернет-ресурсов следует учитывать. Кроме того, в этой работе описываются виды интернет-ресурсов, которые могут использоваться для обучения иностранному языку на нынешнем этапе обучения.

Ключевые слова: интернет, интернет-ресурсы, образование, английский язык, обучение онлайн.

Қазіргі қоғамда шет тілдерінің рөлі алмастырылмайтын болып барады. Шет тілін білу әлемдік мәдениетке қосылуға, интернет ресурстарының әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жаңа коммуникативті технологиялар мен веб-сайттар өміріміздің барлық салаларына, соның ішінде оқу үдерісіне қарқынды енгізілуде. Осыған байланысты шет тілін оқытуда интернет ресурстарын пайдалану әдістемесін әзірлеу қажеттілігі туындады. Қазірдің өзінде пандемия – интернет пен компьютерлік технологиялар арқылы шет тілдерін оқытудың жаңа әдістерінің дамуына айтарлықтай әсер етті деп айта аламыз.